

Жиенғали Тіленбергенов

(1895-1933)

*Есенгелді Айкөркем
Жолдасбекқызы
02301-топ (“Қазақ тілі мен
әдебиеті” мамандығы”)*





Орал, 2017 ж.



Жиенғали Әділұлы Тілепбергенов

(1895, қазіргі Ақтөбе облысы,
Темір ауданы, Қызыл жұлдыз
ауылы, 1933-Ақтөбе қаласы) –
жазушы, драматург. Алғаш ауыл
молдасынан сауатын ашқан
Тілепбергенов Орынбордағы
«Хусаиния» медресесінде
оқыды.



- 1915 – 18 жылдары Уфадағы «Ғалия» медресесінде білім алған. Осы жылдары шығып тұрған “Садақ” қолжазба журналының Б.Майлиннен кейінгі шығарушысы болды.
- Тілепбергенов 1918 – 33 жылдары ауыл мұғалімі, Темір ауданы оқу бөлімінің инспекторы, меңгерушісі (1921 – 25).
- Ақтөбедегі “Кедей” газеті редакторының орынбасары, редакторы (1925 – 26).
- Қызылжардағы “Бостандық туы” газетінің редакторы (1927 – 28)
- Қызылорда азарту институтында оқу-тәрбие жұмысын басқарушы, кейін директоры (1928)
- “Сыр бойы” газеті редакторының орынбасары (1929 – 30)
- Қазақ мемлекеттік баспасының редакторы (1931 – 32)
- Темір ауданы “Социалды майдан” газетінің редакторы (1932 – 33) қызметтерін атқарған.

Мен ақынды зерттеуді 1993 жылы қолға алғанмын. Ол кезде Жиенғалиды «Ізбасар» жинағы арқылы ғана білеміз. Ал әдебиет тарихында ол туралы екі ауыз сөз ғана айтылатын. Мен: «Ақтөбе топырағының перзентін біз іздемесек, оған біз жоқтаушы болмасақ, басқа кім іздейді?» — деп ойладым да, бір студентіме «Жиенғали Тілепбергеновтің өмірі мен шығармашылығы» тақырыбында диплом қорғататын болып шештім. Материал өте тапшы. Қолға түскен сәл нәрсеге қуанамыз. Мұрағатшы-ғалым Бейсенбай Байғалиев архивтен тауып, «Социалистік Қазақстанға» жариялаған жазушының Ілияс Жансүгіровке жазған екі хатын көргенде, төбеміз көкке жеткендей күйде болдық. Алайда хаттардың мазмұны... Мазмұны өте аянышты болып шықты, — дейді Ғайша Мұхамбетқызы. Аянышты болатыны — хат жазушы өмірінің соңғы айларында, төсек тартып жатқанында жазылған. Жиенғалидың небәрі 38 жасында аса аянышты жағдайда көз жұмғаны жұртқа белгілі. Ал сол аз ғұмырды асқақ мұрат, асыл армандар жолында жұмсап, үлкен істердің басы-қасында жүргені, соңына мол мұра қалдырғаны — біздің көңілімізге медет.

**Филология ғылымдарының кандидаты Ғайша
Ниязованың «Ақтөбе» газетіне берген сұхбатынан**



Дүниеден өтер шағында Жиенғали соңына қалдырып бара жатқан мұрасын жары Альфияға аманаттаған. «Мен енді жоқпын. Мен өлгеннен кейін, қайткенде де Алматыға жетіп, жазбаларымды жолдастарыма тапсыр. Жарыққа шығуына бас-көз бол» — деп өтінген. Жарының өтінішін орындау үшін, Альфия жас нәрестесі — Нұрашты туғандарына табыстап, Алматыға аттанады.



Тұрсынбек Кәкішев — жиенғали-танудың бастауында тұрған зерттеуші. Ол тірнектеп жинап жүріп, жазушы шығармаларын 1957 жылы баспаға тапсырған. Сөйтсе де, кітап араға 12 жыл салып, онда да «жал-құйрығы күзеліп», 1969 жылы «Ізбасар» деген атпен жарыққа шықты. Жинаққа тіпті «Таңбалылар» повесі де енбей қалған, — дейді Ғайша Мұхамбетқызы.

«Бауырым, замандасым Құдайберген»


Балалық шақтан бірге өсіп, кейін Темірде, Ақтөбе қаласында ағарту саласында тізе қосып еңбек еткен Жиенғали мен Құдайбергенді арман мен мүдде ортақтығы жақындастырған. Бір-бірінен жырақта жүрген кездерінде олар хат жазысып тұрған. Бұған Жиенғали редакторы болған «Бостандық туы» газетінде қызмет еткен ақын Жақан Сыздықовтың естелігінен мына үзінді дәлел: «...көп ұзамай-ақ Жиенғалидың өте кішіпейіл, мейірбанды адам екенін білдік. Кейін Жиенғали Әділұлы Тілепбергеновпен дос болып кеттім. Кейде ол Бейімбеттен, Нұғыман Манаевтан, Құдайберген Жұбановтан, т.б. жолдастарынан келген хаттарды бізге көрсетіп, оқып беретін еді».



**70-жылдарда жасы сексендерді алқымдап қалған Ақнияз
Салмағамбетов атты қадірменді қариядан жазып алынған «Естіртудің»
бізге жеткен шумақтары мыналар:**

*Бауырым, замандасым Құдайберген,
Бәлені қазаменен әркім көрген.
Осындай үлгі сөзбен естіртеді
Біреудің жанашыры болса өлген.
Азалда тағдыр сондай болғаннан соң,
Әкең Қуан дем бітіп, шамы сөнген.
Тағдырға таад-бир жоқ қайғырғанмен,
Басына Қуан-екең нәубет келген.
Дүние — фәни нәрсе, баяны жоқ,
Секілді қызыл түлкі түсте көрген.
Қазаға разы, бәлеге сабыр керек
Кірмей адам қалмайды қара жерден.
Алланың хүкімі солай болғанан соң,
Айрылдың басшыңыздан соңына ерген.
Көз салып, төңірекке қарасаңыз,
Адасып қалған аз ба кемеңгерден?..»*

Жиенғали ашаршылықта қайтыс болған жазушылардың алды»



«Ашаршылық кезінде үйінде жейтін бір түйір дәні қалмай, әбден титықтап өлген жазушылардың басында атақты сатирик, фельетоншы Жиенғали ТілепбергенOV тұр. Отбасы, шиеттей балалары аштық құрсауында қалғанда үйіне аудандық хатшы бас сұғыпты. Сонда Жиенғали: «Ал кеп қалған екенсің. Мен ана дүниеге кетіп барамын. Мынау партиялық билетімді өзіңе тапсырайын. Мұның еш жақсылығын көрмедім» дейді де, әйеліне қып-қызыл билетті әкеп беруді бұйырады. Хатшы: «Оу, Жиенғали, сен қатты қателестің! Совет үкіметіне сен олай деуге болмайды. Партияға неге сөз айтасың?» деп қатты шошынып, шығып кетеді.

Темір Құлияс



Назарларыңызға рахмет!!!

